




Ақпарат

Бүгін ,яғни 21 қазан 2021 жылы № 67 гимназия қабырғасында мектеп Парламенті «Жеті жарғы» бағыты бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 9 және 10 сынып оқушыларына іс-шара өткізілді.Іс-шараға мектеп инспекторы,полиция капитаны Қаирбекова Айсулу Ерғалиқызы ,Сарыарқа ауданы,полиция басқармасының ,криминалды полиция жедел уәкілі, аға лейтенанты Солтаев Нуркен және гимназиямыздың тарих , құқық пәнінің мұғалімі Досова Нұрсұлу Баракбайқызы келіп қатысты.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ,казіргі таңдағы өзекті мәселелер ортаға салынды.Оқушылар өздерін еркін ұстап,кері байланыс орнатылды ,келген қонақтарға тақырып бойынша сұрақтар қойылды ,олар қоғамдағы болып жатқан үрдістерге тоқталып және қойылған сұрақтарына толық,нақты жауабын алды.Кездесу барысында ,ішкі істер қызметкерлері ҚР әкімшілік кодекстің баптарына тоқталып және кәмелетке толмағандар арасында жиі кездесетін құқық бұзушылық фактілеріне тоқталды.Кездесу қызықты және мәдениетті өтті.



**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім игеру мақсатында өткізілген
«Мемлекеттік қызметті алу және өз ісін ашу, жүргізу» тақырыбында
пікірталас шарасының**

АНЫҚТАМАСЫ

2022 жылғы 26 қаңтар күні гимназияның «RUH» дебат клубының мүшелерімен «Мемлекеттік қызметті алу және өз ісін ашу, жүргізу» тақырыбында пікірталас шарасы өткізілді. Шараның мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім игеру, оқушы ойын ортаға салу болды. 10-11 сынып оқушылары қатысқан бұл шарада «мемлекеттік қызмет», «жеке кәсіп» ұғымдары туралы білімі мен түсінігі, көзқарастары пікірталастың негізгі сұрағына айналды. Пікірталас соңы қызметтің қай түрі (мемлекеттік қызмет, жеке кәсіп) болмасын адалдық қағидасына сүйеніп жасалу қажеттігі тұжырымдалды.



№ 1 ХАТТАМА

Күні: 12.09.2020ж.
Қатысушылар: мектеп ұжымы, 1-1 сынып ата-аналар комитеттері
Өткізілу түрі: онлайн ZOOM форматы

Күн тәртібі:

1. 2020-2021 оқу жылында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу туралы түсіндірме жұмысы- Г. Абдраманова гимназия директоры.

Тыңдалды:

12.09.2020ж. күні онлайн режимінде өтілген сағат: 17.00-д. №67 гимназия мұғалімдері мен қызметкерлерінен -165, сағат. 18.00-де 1-11 сынып ата аналар комитеттерінен -135 ата-аналар комитеттері жиналысқа қатысты.

Гимназия директоры Г. Абдраманованың таныстыруымен Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 04.09.2020ж. №107-04/10376-10 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу туралы жалпы ережелер мен қағидаттары, міндеттемелері жайында түсіндірме жұмысын жүргізілді.

Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің міндеттерін жүктеу туралы № 101 бұйрық, Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілді тағайындау туралы № 102 бұйрығы бойынша тәрбие жұмысы жөніндегі менеджері А. Ж. Рахметуллин, қызметкерлердің еңбек шартына қосымша ӘДЕП КОДЕКСІ туралы таныстыру кадр бөлімінің жетекшісі Г. Ыбрайым, бұйрықтың орындалуы директор Г. Абдраманова өзіне бекітілгені жайында атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) ашықтық;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

Ұйым ұйымның лауазымды адамдары мен қызметкерлері тап болатын стратегиялық маңызды да, күнделікті де жағдайларда шешімдер қабылдау үшін лауазымды адамдармен және қызметкерлермен, басқа да мүдделі тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда осы Кодекстің талаптарын қабылдайды және ұстану туралы ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР таныстырылды.

Осы Кодексте келесі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

Әдеп — лауазымды адамдар мен қызметкерлер өз қызметінде басшылыққа алатын этикалық қағидалар мен іскерлік мінез-құлық нормаларының жиынтығы;



Мүдделі тұлға — заңнамада және Жарғыда көзделген құқықтарды жүзеге асыратын тұлға

Мүдделер қақтығысы — қызметкердің немесе лауазымды адамның жеке мүддесі оның қызметтік міндеттерін әділ орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

Қызметкер — еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам.

Қарым-қатынастың этикалық нормалары мен ұйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттемелеріне тоқталды.

Мектеп ұжымы және ата-аналар арасында заңсыздыққа жол берілмеу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде жыл сайын түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектептің 1-ші қабатында мектеп қызметкерлері мен ата-аналарға және оқушыларға арналған ақпараттық бұрыш жасалғаны, «Сенім» жәшігі мен байланыс телефондары көрсетілген банердің мектепке кіре берісінде үнемі қойылып тұрғаны туралы атап өтті.



Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі менеджері:  А. Рахметуллин